



«БЕКІТЕМІН»

«ОКМА» АҚ ректоры

Т. Рысбеков


2024 ж.

**ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ  
ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН  
ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**Е 464-2024**


Күні	Көшірме	Басылым
		үшінші

**Шымкент**

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 2 беті

- 1 **«ОҚМА» АҚ КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.** Хаттама № 1 15. 03 2024 ж.
2. **«ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңес шешімімен КЕЛІСІЛДІ**  
Хаттама № 15 « 27 » 03 20 24 ж.


Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024	
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 3 беті	

## МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	4
2.	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
3.	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4.	БІЛКІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	5
5.	ЖОСПАРЛАУ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	5
6.	БІЛКІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ.....	7
7.	БІЛКІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	7
8.	БІЛКІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША "ОКМА" АҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРІНІҢ ӨЗАРА ҚЫЗМЕТІ	9
9.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	9
	ҚОСЫМШАЛАР.....	11



ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> 1979	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024	
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 4 беті	

## I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бұл ереже профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының қызметін реттеуді қамтамасыз ететін құжаттардың бір бөлігі болып саналады.

1.2 Осы ереже профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) және әкімшілік-басқару персоналының (ӘБП) біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға қойылатын бірыңғай тәртіп пен негізгі талаптарды белгілейді.

1.3 Бұл құжаттың талаптары профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының пайдалануы үшін міндетті болып табылады.

1.4 профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін жетілдіру – бұл оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігін үздіксіз жетілдіру процесі, қызметкерлердің денсаулық сақтау мен білім берудің тиісті салаларындағы жетістіктері туралы заманауи білімдер алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру, педагогикалық қызметтің нәтижелі болуының қажетті шарты.

1.5 Біліктілікті жетілдіру қажеттеріне қарай, бірақ қызмет барысында үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Біліктілікті жетілдіру еліміздің және шет елдердің жетекші университеттерінде, ғылыми орталықтарында, республикалық медициналық ұйымдарда, білім беру орталықтарында, жоғары медициналық колледждерде, «ОҚМА» АҚ-да және т.б. өткізуі мүмкін.

1.6 Оқытылатын пәндердің бейіні бойынша біліктілікті жетілдіру «ОҚМА» АҚ профессор-оқытушылар құрамының функционалды жауапкершілігі болып табылады.

1.7 ПОҚ біліктілігін жетілдіру оқыту шартына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.


1.8 Қызметкер жұмыстан босатылған жағдайда оқытуға жұмсалған шығындарын өтеу шарттарын реттейтін қызметкермен оларды оқыту үшін "Жұмыс берушінің есебінен қызметкерді оқыту шарты" жасалады.

1.9 ПОҚ және ӘБП біліктілігін жетілдіру бойынша жұмысты әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету басқармасының кадрлық қызмет бөлімі ұйымдастырады.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, № 414-V 2015 ж. 23 қараша (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> 1979	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024	
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 5 беті	

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, № 319 2007 ж. 27 шілде (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 27.12.2019 ж. №293-VI (кейінгі өзгертулер мен толықтырулармен),

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім Министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы №4 бұйрығы (кейінгі өзгертулер мен толықтырулармен),

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы (кейінгі өзгертулер мен толықтырулармен),

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік,

- СТ РК ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері, Талаптар,

- СТ РК 3049-2017. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулық (ISO 37001:2016. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық),

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару,

- СТ 011-2024. Персоналды басқару,

- СТ 012-2024. Персоналдың біліктілігін арттыру.


- СТ 044/023-2023 Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

### **3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

Осы құжатта мынадай терминдер, анықтамалар, қысқартулар мен белгілер қолданылады:

- |           |  |
|-----------|--|
| ISO       | - Халықаралық стандарттау ұйымы,                       |
| «ОҚМА» АҚ | - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ,         |
| ҚР ҒЖБМ   | - Ғылым және жоғары білім Министрілігі,                |
| ӘБП       | - әкімшілік-басқару персоналы,                         |
| КҚБ       | - кадрлық қызмет бөлімі,                               |
| ББ        | - білім бағдарламасы,                                  |
| БЖ        | - біліктілікті жетілдіру,                              |
| ӘБПБА     | - әкімшілік-басқару персоналының біліктілігін арттыру, |
| ПОҚ       | - профессор-оқытушылар құрамы,                         |
| ҚР ҰС     | - Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты,          |
| ОӘО       | - Оқу-әдістемелік орталық.                             |



ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024	
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 6 беті	

## **4 БІЛІКТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1 ПОҚ біліктілігін арттыру келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

- қолданыстағы біліктілік шеңберінде кәсіби дамуды арттыру және/немесе кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа құзыреттерді алу;
- білім беру процессіне заманауи инновациялық технологияларды енгізу үшін оқытушыларды даярлау;

4.2 «ОҚМА» АҚ ПОҚ біліктілігін жетілдіру келесі міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

- педагогикалық және кәсіби шеберлікті арттыру;
- оқытушылардың кәсіби және педагогикалық құзыреттілігін, шығармашылық қаблеттерін дамыту, олардың ғылыми әлеуетін арттыру;
- сәйкес салалардағы ғылыми практиканың заманауи жетістіктеріне негізделген теориялық және практикалық білімді тереңдету;
- оқытудың формаларын, әдістерін мен құралдарын жетілдіру;
- кәсіптік білім берудің инновациялық технологияларын тарату, меңгеру және енгізу.

4.3 ҚР ҒЖБМ білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес «ОҚМА» АҚ ПОҚ оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес үш жылда кемінде бір рет оқу курсына 72 (жетпіс екі) сағат көлемінде біліктілігін арттыруға міндетті.

4.4 ҚР ОАМ бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестіктің растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес, колледж ПОҚ білім беру бағдарламаларына және оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес үш жылда бір рет оқу курсына кемінде 36 (отыз алты) сағат көлемінде біліктілігін арттыруға міндетті.


4.5 ӘБП басшылары мен олардың орынбасарлары кемінде 3 (үш) жылда бір рет менеджмент саласында біліктілігін арттыруға міндетті.

## **5 ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЖАУПҚЕРШІЛІК**

5.1 Қызметкердің өзінің де, кафедраның/құрылымдық бөлімнің, факультеттің және жалпы "ОҚМА" АҚ-ның мүделерін ескере отырып, ПОҚ және ӘБП біліктілігін жоспарлау және уақтылы дамыту үшін мыналар жауапты:

- жетекші ететін проректор;
- кафедра меңгерушісі/ құрылымдық бөлім басшысы;
- ПОҚ/ӘБП қызметкерлері.

5.2 Мониторингті (мерзімін, сертификаттың болуын, жыл сайын берілетін ақпаратты) КҚБ жүзеге асырады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		E /464-2024
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже		3-ші басылым 19 беттің 7 беті

5.3 Біліктілікті жетілдіруді өту шарттары мен формалары:

- ПОҚ үшін білім беру бағдарламаларының мазмұнына және оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес кафедра меңгерушілері белгілейді;
- ӘБП үшін құрылымдық бөлімдердің басшылары белгілейді.

5.4 Келесі күнтізбелік жылда біліктілігін жетілдіруден өтуі ПОҚ және ӘБП тізімі кафедра меңгерушілері мен құрылымдық бөлім басшыларының ҚҚБ-не берген өтімдері негізінде қалыптастырады.

Өндірістік қажеттілікке байланысты біліктілікті жетілдіру жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.6. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындау.

## **6 БІЛІКТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

**6.1 Біліктілікті жетілдіру келесі жолдарымен жүзеге асырылуы мүмкін:**

- біліктілікті жетілдіру курстары (шеберлік-сыныптары, тренингтер, ашық ойнайлы курстар және т.б);
- тағылымдама.

**6.2 Біліктілікті жетілдіру**

Біліктілікті жетілдіру оқыту деңгейіне қойылатын талаптардың артуына және білім беру саласындағы кәсіби міндеттерді шешудің қазіргі заманғы әдістерін игеру қажеттігіне байланысты мамандардың теориялық және практикалық білімдерін жанартуға бағытталған.

Қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру қажет болған жағдайда қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің ерекшеліктеріне және біліктілікті жетілдіру бағдарламасына қарай қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін, оның ішінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

**6.3 Тағылымдама.**


Тағылымдама теория мен практиканың байланысын нығайту, практикаға-бағытталған курстарды қалыптастыру, тәжірибеде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру және бекіту мақсатында жүзеге асырылады.

## **7 БІЛІКТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ/ТАҒЫЛЫМДАМАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Біліктілікті жетілдіруді ұйымдастыру:**

7.1 Бекітілген жоспарға сәйкес "ОҚМА" АҚ қызметкері біліктілікті жетілдірудің белгіленген мерзімне дейін 20 күннен кешіктірмей "ОҚМА" АҚ бірінші басшысының атына біліктілікті жетілдіруге жіберу туралы өтінішті жазады, ректордың келісімінен кейін бұйрық шығарылады (Д қосымшасы).



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024	
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 8 беті	

7.2 Біліктілікті жетілдіруді аяқтағаннан кейін қызметкер 5 күн ішінде КҚБ-не біліктілікті жетілдіру курсы аяқтағаны туралы растайтын құжаттың көшірмесін және тыңдаушының есебін ұсынуы керек.

**Тағылымдаманы ұйымдастыру және өткізу:**

7.3 Тағылымдама қосымша кәсіптік білім беру түрлерінің бірі ретінде біліктілікті жетілдіру формасы болып табылады. Тағылымдама озық тәжірибені, оның ішінде шетелдік тәжірибені зерделеу, сондай-ақ кәсіби қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу кезінде алынған теориялық білімдерін бекіту мақсатында жүзеге асырылады: қызметтік міндеттерін орындауда тиімді пайдалану үшін жаңа тәжірибелік дағдылар мен шеберлікті меңгеру үшін.

7.4 "ОҚМА" АҚ ПОҚ тағылымдамадан өтуі Қазақстан Республикасының аумағында да, басқа мемлекеттер де жетекші ғылыми-зерттеу институттарында, білім мекемелерінде, медициналық және фармацевтикалық ұйымдарда жүзеге асырылуы мүмкін.

7.5 Шетелдік тағылымдамалардан өтетін оқытушы, тағылымдама мерзімі келгенге дейін құжаттарды рәсімдеуге уақтылы ұсынады.

7.6 Тағылымдама біліктілікті жетілдірудің дербес түрі болып та, біліктілікті жетілдіруге арналған тапсырмалардың бір бөлігі болып та табылады.

7.7 Тағылымдама жеке немесе ұжымдық болуы мүмкін.

7.8 Тағылымдама аясында "ОҚМА" АҚ оқытушысы, ғылым және жоғары білімді дамытуға, жоғары оқу орнын басқару және ақпараттандыруға, сапа менеджменті жүйесіне, жоо материалдық базасын дамытуға, ғылыми зерттеулерді интеграциялауға, жоғары білімнің заманауи педагогикалық технологияларына арналған семинарларға, конференцияларға немесе симпозиумдарға және т.б. қатыса алады. Нәтижелері бойынша семинарға, конференцияға және т.б. қатысқанын растайтын тиісті құжаттарды ұсыну қажет (баяндама, конференция бағдарламасы және т. б.).

7.9 Тағылымдаманың ұзақтығы мен мерзімі ПОҚ біліктілігін жетілдіру бағдарламасына сәйкес белгіленеді.


7.10 Тағылымдамадан өтуге жіберу туралы бұйрықты шығарудың негіз тағылымдамадан жоспарын орындауға қатысатын тараптардың жазбаша келісімі және тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтініш болып табылады (А қосымшасы).

7.11 Әрбір тыңдаушыға қабылдаушы ұйымның мамандары арасынан жетекші тағайындалады.

7.12 Оқытушының тағылымдама нәтижелері бойынша кафедраға ұсынатын негізгі есеп беру құжаттары болып мыналар табылады:

- қабылдаушы ұйымның мөрімен расталған тағылымдама жетекшісінің пікірі немесе біліктілікті жетілдіру туралы құжат;
- тағылымдамадан өткені туралы есеп (Е қосымшасы);



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024	
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 9 беті	

7.13 Тағылымдама өткенен кейін оқытушы кафедра отырысында есеп беру материалдарын (актілерді, презентацияларды және т. б.) және тағылымдама нәтижелері туралы қорытындыны ұсынып баяндайды. Тағылымдама туралы есеп кафедра отырысында бекітіледі.

7.14 Тағылымдамадан өткеннен кейін қызметкер 5 күн ішінде КҚБ-не тағылымдамадан өткені туралы растау құжатының көшірмесін мен есебін тапсыру керек.

7.15. Оқыту аяқталғаннан кейін оқытушы біліктілікті жетілдіру нәтижелері туралы есеп береді, осы нәтижелерді тиісті білім беру бағдарламасының және/немесе ғылыми қызметтің оқу және/немесе ғылыми үдірісіне енгізу жоспарын әзірлейді және кафедра отырысында бекітеді.

## **8 БІЛІКТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША "ОҚМА" АҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРІНІҢ ОЗАРА ҚЫЗМЕТІ**

8.1 "ОҚМА" АҚ құрылымдық бөлімшелері ПОҚ және ӘБП біліктілігін жетілдіруді ұйымдастыру саласында өзара әрекеттеседі:

- кадрлық қызмет бөлімі - ПОҚ жыне ӘБП басшыларының біліктілігін жетілдіру кезеңділігін сақталуына бақылайды және ағымдағы жылы біліктілікті жетілдіруді қажет ететін тұлғалар тізіміне ұсыныстарды қалыптастырады (Ж және З қосымшасы);

- стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық басқармасы - біліктілікті жетілдіруді ұйымдастыруды және ПОҚ шетелде тағылымдамадан өтуін үйлестіреді;

- қаржы-экономикалық басқармасы "ОҚМА"АҚ-ның ПОҚ және ӘБП-ның біліктілігін жетілдіруге бөлінген қаражатты жоспарлауды және есепке алуды жүзеге асырады;

- құқықтық қамтамасыз ету бөлімі – жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерді оқыту туралы шарт жасау бойынша, жұмыскер жұмыстан босатылған жағдайда оқуға жұмсалған шығындарды өтеу шарттарын реттейтін жұмысты жүзеге асырады.


## **9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

9.1 Осы Ережені, Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Ғылыми кеңес қабылдайды, "ОҚМА" АҚ ректоры бекітеді және қолданысқа енгізіледі.



9.2 Осы Ережені "ОҚМА" АҚ қызметкерлерінің қарауы/жұмыс істеуі және орындауы үшін, оны ресми сайтта (<https://skma.edu.kz/>) орналастыру қажет.

Кадрлық қызмет бөлімі	Е /464-2024
Профессорлық-оқытушылар құрамы және әкімшілік- басқару персоналының біліктілігін жетілдіру туралы ереже	3-ші басылым 19 беттің 10 беті


**Әзірлеген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	15. 03. 2024	

**Тексерген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	15. 03. 2024	
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	18. 03. 2024	

**Келісілген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есиркепов М.М.	27. 03. 2024	
Қаржы және шаруашылық қызметі жөніндегі проректор	Сейтжанова Ж.С.	27. 03. 2024	